Әділет

# Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есеп беруі туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 477 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1728. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 127 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 127 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он төрт күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері ұсынатын есеп беру нысандарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган):

есепті айдан кейінгі айдың әрбір бесінші жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей зейнетақы активтері сақтауға (есепке) қабылданған әрбір жекелеген жинақтаушы зейнетақы қорының бөлігінде өткен ай үшін есепті ұсынады, оған мыналар кіреді:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есеп (есепті айдағы барлық позициялар бойынша жиынтық сомаларды көрсете отырып өткен айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін);

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп (өткен айдың соңғы күнтізбелік күнінің аяғындағы жағдайы бойынша);

валюталық инвестициялық шот бойынша ақша және оның қозғалысы бар болған кезде осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жекелеген валюталық инвестициялық шоттар бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есептер (есепті айдағы барлық позициялар бойынша жиынтық сомаларды көрсете отырып өткен айдың әрбір жекелеген жұмыс күні үшін);

осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есеп (өткен айдың әрбір жекелеген күнтізбелік күні үшін).

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

2. Осы қаулының 1, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша есептерде көрсетуге жатпайтын сомалар тиісті түсіндірме сілтеме - ескертулер енгізіле отырып аталған есептердің "Өзге түсімдер/Өзге шығыстар" бағандарына енгізілуі тиіс.

2-1. Есептің барлық парақтарына нөмір қойылуға тиіс, ол уәкілетті органға жіберілгенде, парақтардың жалпы саны ілеспе хатта көрсетіледі.

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен .

2-2. Түзетілген және өшіріліп қайта жазылған есеп жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкіне қайтарылуға жатады.

Ескерту: 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен .

2-3. Есепке өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, кастодиан-банк есеп берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып, жазбаша өтінішті ұсынады.

Ескерту: 2-3-тармақпен толықтырылды, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

2-4. Уәкілетті орган есепті қараған кезде жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкінен есепте көрсетілген ақпаратты тексеру үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға құқылы.

Ескерту: 2-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен .

2-5. Жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкі мен оның лауазымды адамдары есепті уақтылы бермегені, бермегені немесе есепте шынайы емес мәліметтер бергені үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілік атқарады.

Ескерту: 2-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен .

2-6. Есеп қағаз жазбада және электрондық тасымалдағышта жасалады.

Ескерту: 2-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

2-7. Қағаз тасымалдағышта жасалған есеп еркін нысанда жасалған, жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банкінің басшысы қол қойған ілеспе хатпен жіберіледі.

Ескерту: 2-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

2-8. Қағаз тасымалдағышта жасалған есептегі мәліметтер электрондық тасымалдағышта жасалған есептегі мәліметтерге ұқсас болуы тиіс.

Ескерту: 2-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

3. <*>

Ескерту: 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

4. Бағалық қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолдансын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және кастодиан-банктерге жіберсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есебі туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 477 қаулысына
1-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер, толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

**(кастодиан-банктің атауы)**
**(жинақтаушы зейнетақы қорының ілік септігіндегі қысқаша атауы)**
**ұлттық валютадағы N (есеп шоттық нөмірі) инвестициялық шоты бойынша зейнетақы активтерінің (кк.аа.жж форматтағы күн)-нен бастап (кк.аа.жж форматтағы күн)-ге дейінгі кезеңдегі қозғалысы туралы**
**ЕСЕП 1-бөлім. КІРІС (ЕСЕП ШОТТЫҢ КРЕДИТІ)**

(теңгемен, үтірден кейін екі белгімен)

| Күні | Күн бас-тал-ғанда қал-дық | Басқа зейнетақы қорларынан аударымдар | | Зейнетақы жарналары | | | Бағалы қағаздар бойынша алынған дивиденд-термен сыйақы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Оның ішінде, жеке зейне-тақы шотта-рына бөлін-гендер | Мін-дет-ті | Ерік-ті | Оның ішінде, жеке зейне-тақы шотта-рына бөлін-гендер | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| Жиын-тығы: | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Ба-ғалы қа-ғаз-дарды сату-дан және өтеу-ден түс-кен тү- | Банктердегі салымдар бойынша қайтарылатын сома | | Зейне-тақы төлем-дері-нің шоты-нан болған қайта-рымдар | Алын-ған өсім-пұл-дар/айып-пұлды | Шетел валю-тасын сату-дан түс-кен түсі-мдер | Қате-лесіп есеп-тел-ген сома | Өзге түсім-дер | Жиын-тығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Салым сомасы | Салымдар бойынша алынған | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сім-дер | | сыйақы (мүдде) сомасы | | | | | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

(жалғасы)

**2-бөлім. ШЫҒЫС (ЕСЕПШОТТЫҢ ДЕБЕТ)**

(теңгемен, үтірден кейін екі белгімен)

___

Күні Бағалы Банк. Зейнет.

қағазд. терде. ақы тө. Комиссиялық сыйақы [2] Қателесіп

арды гі са. лемдер. ______________________ есепке

сатып лымдар. інің зейнетақы инвести. алынған

алуға ға есеп. активтері. циялық сомаларды

кеткен орна. шоттары. нен табыстан қайтару

шығын. ластыру на жасал.

дар ған ауда.

рымдар

___

1 2 3 4 5 6 7 ____________________________________

________________________________

Жиынтығы

___

таблицаның жалғасы

______________________________________________

Шетелдік Күн

валюта Өзге Жиыны [3] соңындағы

сатып шығындар қалдық

алуға

кеткен

шығындар

______________________________________________

8 9 10 11

________________________________________

*Бірінші басшы (қолы)*
*Бас бухгалтер (қолы)*
*Кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі бөлімшенің басшысы (қолы)*
М.О.
Орындаушы (қолы, телефон нөмірі)

1-қосымшаға ескертулер:

[1] Есепті кезеңнің әрбір жұмыс күнінде түскен түсімдердің жиынтық сомалары.

[2] Жинақтаушы зейнетақы қоры және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым төлеген комиссиялық сыйақының сомасы.

[3] Есепті кезеңнің әрбір жұмыс күніндегі шығындардың жиынтық сомалары.

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есебі туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 477 қаулысына
2-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер, толықтырулар енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

**(кастодиан-банктің атауы)**
**(кк.аа.жж форматтағы күн) соңының жағдайы бойынша**
**(жинақтаушы зейнетақы қорының ілік септігіндегі қысқаша атауы)**
**зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің**
**құрылымы туралы**
**ЕСЕП 1-бөлім. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЕСЕБІНЕН САТЫП АЛУҒА РҰҚСАТ**
**ЕТІЛГЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

Рет N | Эмитенттің атауы және бағалы қағаз. | ҰБН (ISIN) | Саны (бағалы қағаз. дардың данасы) | Есепке алынған күн | Өтел. ген күн | Атаулы құнның валюта. сы | Бір бағалы қағаз. дың атаулы құны | Төлем валютасы түрі[1]

А 1 2 3 4 5 6 7 8

Жиыны:[6] x x x x x x

Ұзақ мерзімді бағалы қағаз. дардың барлығы:[7] x x x x x x

Қысқа мерзім. ді бағалы қағаздардың барлығы:[8] x x x x x x

Инвестиция- лық қор пайларының барлығы

1-бөлім бойынша барлығы: x x x x x x

таблицаның жалғасы

Бір бағалы қағазды Есептелген сыйақының Ағымдағы жиынтық құн

сатып алу бағасы [2] (мүдденің) (теңгемен) [3]
жиынтығы [3]

_____________________________________

| Шетелдік валютамен | теңгемен | атаулы құнның валюта. сымен | теңгемен | (кк.аа.жж форматтағы күн) [4] соңына | (кк.аа.жж форматтағы күн) [5] соңына |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | x | | | | x |
| x | | | x | | x |
| x | | | x | | x |
| x | | | x | | x |

таблицаның жалғасы

| Өсуі(+), төмендеуі (-) ((14)-(13)) [3] | Листинг/рейтинг |
| --- | --- |
| 15 | 16 |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

(жалғасы)

## 2-бөлім. "КЕРІ РЕПО" ОПЕРАЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША САТЫП АЛЫНҒАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

| Рет N | Эмитенттің атауы және бағалы қағаздың түрі [1] | ҰБН (ISIN) | Саны (бағалы қағаздардың данасы) | Операцияның ашылу күні | Операцияның жабылу күні | Атаулы құнның валютасы | Мәміленің валютасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | | |
| Жиыны: [6] | х | х | х | х | х | | |
| Ұзақ мерзімді бағалы қағаздардың барлығы: [7] | | х | | х | х | х | х |
| Қысқа мерзімді бағалы қағаздардың барлығы: [8] | | х | | х | х | х | х |
| 2-бөлім бойынша барлығы: | | х | | х | х | х | х |

таблицаның жалғасы

| Бір бағалы қағаздың операция ашылардағы бағасы [9] | | Бір бағалы қағаздың операция жабылардағы бағасы [9] | | Өсуі (+), төмендеуі(-) [3] | | Операция бойынша табыстылық ставкасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| атаулымен | теңгемен | атаулымен | теңгемен | атаулымен | теңгемен ((11)-(9)) | |

| ның валю. тасы. мен | ның валю. тасы. мен | ның валю. тасы. мен ((10)-(8)) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | | |
| x | x | x | x | | | x |
| x | x | x | x | | x | x |
| x | x | x | x | | x | x |
| x | x | x | x | | x | x |

таблицаның жалғасы

| Ағымдағы жиынтық құн (теңгемен) | | |
|---|---|---|
| (кк.аа.жж фор. маттағы күн) соңына[4] | (кк.аа.жж фор. маттағы күн) соңына[5] | Листинг/рейтинг |
| 15 | 16 | 17 |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

(жалғасы)

## 3-бөлім. ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДЕГІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІНДЕГІ) САЛЫМДАР ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТІК СЕРТИФИКАТТАР

| Рет N | Банктің атауы | Банктің коды | Салымның валютасы | Депозит ставкасы | Депозитке салу сомасы [10] | | Есептелген сыйақы (мүдде) [11] | | Ағымдағы құн (теңгемен) [3] ((5)+(7)) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | шетел. валютасы | теңгедік валютамен | шетел. валютасы | теңгедік валютамен | |
| А | 1 | 1.1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | | | |
| Жиыны: [15] | | | | | | | | | |
| 3-бөлім бойынша барлығы: | | | х | | | х | | х | |

таблицаның жалғасы

| Депозитке салу күні [12] | Депозиттік шарт жасалған күн және N | Депозиттің мерзімі (күндермен) [13] | Сыйақының (мүдденің) ставкасы (жылдық %-бен) | Жинақталған сыйақыны (мүддені) төлеу күні (кезеңділігі) [14] | Листинг / рейтинг |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | |
| х | х | х | | х | х |

| x | x | x | x | x |
|---|---|---|---|---|

4-бөлім. ТАЗАРТЫЛҒАН АЛТЫН ТУРАЛЫ ЕСЕП

| N р/с | Атауы | Әділ құны |
|---|---|---|
| | | |
| | Жиынтығы: | Х |
| | 1-4-бөлімдер бойынша жиынтығы: | |

Бірінші басшы (қолы)

Бөлімше басшысы (қолы)

Мөр орны

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі)

Анықтама ретінде: Осы есепте пайдаланылған, есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы (валюталардың кодтары S.W.I.F.T. жіктемесі бойынша көрсетіледі.)

*Бірінші басшы (қолы)* *Бас бухгалтер (қолы)*

М.О.

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі)

2-қосымшаға ескертпелер:

[1] Бағалы қағаздардың бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының жіктелімі бойынша сауда кодтары көрсетіледі. Мәмілелер шетелдік/халықаралық бағалы қағаздар рыногында жасалған жағдайда REUTERS жіктелімі бойынша сауда кодтары көрсетіледі.

[2] Мәміленің жасалғандығы расталатын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокер-дилердің есебі, S.W.I.F.T. жүйесі бойынша алынған растама өзге де ықтимал бастапқы құжат) сатушыға төленген сыйақыны (мүддені) ескере отырып, үтірден кейін төрт белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетілген баға. Сатып алынған бағалы қағазды шетелдік валютамен төлеген жағдайда 9-бағана толтырылады, 10-бағанада осы сома есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазды ұлттық валютамен төлеген жағдайда 10-бағана толтырылады, 9-бағана толтырылмайды.

[3] Үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен.

[4] Өткен есепті кезеңнің соңына.

[5] Ағымдағы есепті кезеңнің соңына.

[6] Бағалы қағаздың әрбір түрі және эмитенті бойынша (мысалы, "МЕККАМ-3 бойынша жиыны", "МЕККАМ-6" бойынша жиыны).

[7] Егер есепті күннен бастап өтеу күніне дейін бір жылдан асатын кезең құралған жағдайда.

[8] Егер есепті күннен бастап өтеу күніне дейін бір жылдан аспайтын кезең құралған жағдайда.

[9] "Кері репо" операцияларының жүзеге асырылғандығы расталатын бастапқы құжатта үтірден кейін төрт белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетілген баға. Сатып алынған бағалы қағазды шетелдік валютамен төлеген жағдайда 8 және 10-бағаналар толтырылады, 9 және 11-бағаналарда осы есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазды ұлттық валютамен төлеген жағдайда 9 және 11-бағаналар толтырылады, 8 және 10-бағаналар толтырылмайды.

[10] Депозитке орналастырудың үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетілген сомасы. Депозитке шетелдік валютамен орналастырған жағдайда 4-бағана толтырылады, 5-бағанада осы сома есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша көрсетіледі. Депозитке ұлттық валютамен орналастырған жағдайда 5-бағана толтырылады, 4-бағана толтырылмайды.

[11] Үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетілген, депозитке салу күнінен басталатын сома. Депозит бойынша сыйақы (мүдде) шетелдік валютамен номинацияланған жағдайда 6-бағана толтырылады, 7-бағанада осы сома есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша көрсетіледі. Депозит бойынша сыйақы (мүдде) ұлттық валютамен номинацияланған жағдайда 5-бағана толтырылады, 4-бағана толтырылмайды.

[12] Банктің ескертпе хабарламасы мен расталған депозит сомасы есепке алынған күн.

[13] Депозиттік шарттың талаптарына сәйкес.

[14] Әрбір банк бойынша және депозитке салудың әрбір жекелеген валютасы бойынша.

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының
кастодиан-банктерінің есебі туралы"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 1 желтоқсандағы
N 477 қаулысына
3-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

**(кастодиан-банктің атауы)**
**(жинақтаушы зейнетақы қорының ілік септігіндегі қысқаша атауы)**
**(шетелдік валютаның атауы) N (есеп шоттың нөмірі) инвестициялық шоты бойынша зейнетақы активтерінің (кк.аа.жж форматтағы күн)-нен бастап (кк.аа.жж форматтағы күн)-ге дейінгі кезеңдегі қозғалысы туралы**
**ЕСЕП 1-бөлім. КІРІС (ЕСЕП ШОТТЫҢ КРЕДИТІ)**

(үтірден кейін екі белгімен)

| Күні | Күн басындағы қалдық | | Бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер | | Бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер және сыйақы(мүдде) | | Банктердегі салымдар бойынша қайтарылған сомалар: Салымдардың сомасы | | Банктердегі салымдар бойынша алынған сыйақының (мүдденің) сомасы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шетелдік валютамен | теңгемен | шетелдік валютамен | теңгемен | шетелдік валютамен | теңгемен | шетелдік валютамен | теңгемен | шетелдік валютамен | теңгемен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| кк.аа.жж | кк.аа.жж | | | | | | | | | |

таблицаның жалғасы

Сатып алынған Өзге

шетелдік валюта түсімдер Жиыны [1]

---

шетел. шетел шетел. теңге. шетел. теңге.
дік валюта. дік мен дік мен
валю. сын валю. валю.
тамен сатып тамен тамен
алу
бағамы
бойын.
ша, тең.
гемен

---

12 13 14 15 16 17

---

(жалғасы)

**2-бөлім. ШЫҒЫС (ЕСЕП ШОТТЫҢ ДЕБЕТІ)**

(үтірден кейін екі белгімен)

---

Бағалы қағаз. Салымдарды Сатылған шетел. Өзге
Күні дарды сатып банктерге дік валюта шығындар Жиыны [2]
алуға кеткен орналастыру
шығындар

---

шетел. теңге. шетел. теңге. шетел. шетел шетел. тең. шетел. тең
дік мен дік мен дік валю. дік гемен дік гемен
валю. валю. валю. тасын валю. валю.
тамен тамен тамен сату тамен тамен
бағамы
бойын.
ша,
теңге.
мен

---

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11

---

к к .
а а .
ж ж

---

таблицаның жалғасы

Күн соңындағы қалдық

шетелдік теңгемен
валюта.
мен

1 2 1 3

Анықтама ретінде: Осы есепте пайдаланылған, есеп беру күні валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамы (валюталардың кодтары S.W.I.F.T. жіктемесі бойынша көрсетіледі.)

*Бірінші басшы (қолы)* *Бас бухгалтер (қолы)*

М.О.

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі)

3-қосымшаға ескертулер:

1 Есепті кезеңнің әрбір жұмыс күнінде түскен түсімдердің жиынтық сомалары .

2 Есепті кезеңнің әрбір жұмыс күніндегі шығындардың жиынтық сомалары.

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің есебі туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 477 қаулысына 4-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер, толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы N 91 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 385 қаулысымен .

**(кастодиан-банктің атауы)**
**(жинақтаушы зейнетақы қорының ілік септігіндегі қысқаша атауы)**
**және (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ілік септігіндегі қысқаша атауы)(күнтізбелік жылдың сандық белгіленуі) жылғы (айдың атауы) ай ішіндегі есептелген және төленген комиссиялық сыйақылары туралы**
**ЕСЕП**

(теңгемен, үтірден кейін екі белгімен)

Есептелген

Күні зейнетақы инвестициялық активтерінен табыстардан

жинақтаушы зейнетақы қоры | зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым[3] | жиыны ((2)+(3)) | жинақтаушы зейнетақы қоры | зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге | жиыны (5)+(6))

1 2 3 4 5 6 7

к к .
а а .
ж ж

Жиыны: [4]

таблицаның жалғасы

Төленген

зейнетақы инвестициялық активтерінен табыстардан

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жинақтаушы зейнетақы қоры | зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым[3] | жиыны ((8)+(9)) | жинақтаушы зейнетақы қоры | зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге | жиыны (11)+(12)) |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |
| | | | | | |

*Бірінші басшы (қолы)* *Бас бухгалтер (қолы )*

*Кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі бөлімшенің басшысы (қолы )*

М.О.

*Орындаушы (қолы, телефон нөмірі)*

4-қосымшаға ескертулер:

[1] Осы жол "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы өзінің зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асырылған кезде толтырылмайды.

[2] алынып тасталды.

[3] алынып тасталды.

[4] Есепті ай ішіндегі барлық позициялар бойынша жиынтық сомалары көрсетіледі.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың есептелген және төленген комиссиялық сыйақылары туралы ақпарат жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банкінде болған кезде толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК